

Рамазан А.Ә.,
Акынбекова А.Б.

**«Абай» журналы – ұлт
руханиятының алтын қазығы**

Мақалада 1918 жылы жарық көрген «Абай» журналының тарихы мен тағлымы сөз болады. Журналдың қазақ руханиятына қосқан үлесіне баға беріледі. «Абай журналының бағдарымен «Алаштың» бағдарламасының сәйкестігі ашып көрсетіліп, сабақтастыра, салаластыра түсіндіріледі.

Түйін сөздер: «Абай» журналы, ұлттық руханият, журналдың бағыт-бағдары, Алаш.

Ramazan A.A.,
Akynbekova A.B.

**«Abay» magazine – golden
support to national spirituality**

In this article there is a speech about history and the doctrine of the magazine Abay issued in 1918 in Semey. There is estimated the contribution of the magazine to the Kazakh spirituality. Relatively and connectively explains the similarity of the program «Alash» with the direction of the magazine «Abai».

Key words: «Abai» magazine, folk spirituality, focus of the magazine, Alash.

Рамазан А.А.,
Акынбекова А.Б.

**Журнал «Абай» – золотая опора
народной духовности**

В статье идет речь об истории и учении журнала «Абай», изданного в 1918 году в Семее. Оценивается вклад журнала в казахскую духовность. Сравниваются и анализируются материалы журнала, объясняется сходство программ «Алаш» с направлением журнала «Абай».

Ключевые слова: журнал «Абай», народная духовность, направленность журнала, Алаш.

«АБАЙ» ЖУРНАЛЫ – ҰЛТ РҰХАНИЯТЫНЫҢ АЛТЫН ҚАЗЫҒЫ

XX ғасырдың басындағы қазақ баспасөзінің ұлттың санасын оятудағы маңызы зор болды. "Түнерген бұлттар арасынан" ("Қазақ" газеті) кейде ыммен айтып, кейде еппен айтып саяси ахуалдан хабардар ете отырып, ұлт рухын оятуды мақсат еткен, халықты өнер, білімге үндеген, етек-жеңін жиып, еңсесін тіктеуге жетелеген "Қазақ" газетінің дара жолын төңкерістің алды-артында шыққан қазақ басылымдарының дені үлгі тұтты. "Қазақ" салған соқпақ жолды сүрлеуге айналдырды. Жер шалғайлығына қарамастан әр аймақта шыққан қазақ басылымдарының мақсаты бір, бағыттары айқын еді. Ол жол – алаштың жолы, тәуелсіздікті ұлы мұрат еткен күрескерлік жол. Алаштың жолында иық тірестіре тұрған "Қазақ", "Сарыарқа", "Бірлік туы", "Жас азамат", "Абай" сынды басылымдардың елшілдік ұстанымы, ұлтжандылық қасиеті бүгінгі басылымдардың қай-қайсысына болса да үлгі болатындай. Біз бұл мақаламызда алашшыл басылымдардың бірі хәм бірегейі "Абай" журналы туралы сөз етпекпіз.

"Абай" журналы 1918 жылдың 4 ақпанынан бастап Алаш қаласында (қазіргі Жаңасемей) шыға бастады. Журналды алғашында 15 қаңтарда шығармақшы болғанымен, баспаханашылар ереуіл жасап, кешігіп шығады [1], [2]. Журнал айына екі шығады делінгенмен, ақпан айында ғана екі рет шыққан, қалған уақыттарда айына бір рет шығып отырған. Кей саны 16 бет, кей саны 17 бет, кей саны 21 бет көлемінде жарық көрді. Журналдың мақсатын, бағытын бірінші санында шығарушы Жүсіпбек Аймауытов "Журнал туралы" деген бас мақаласында айқын көрсетті: "Журналдың атын "Абай" қойған соң әдеби жолын ғана тұтыну керек еді дер біреу. Оған айтатынымыз: Абай жалғыз ғана ақын (литератор) болды деуге болмайды. Әдебиетімізге де негіз салған Абай, адамшылық, тәрбие, ғылым, өнеркәсіп деген сөздерді терең ойлап, тексерген де Абай. Қазақтың тұрмысын, өмірін, мінезін айқын суреттеп, кемшілігін көрсеткен де Абай. Солай болған соң журналды Абайға арнағандық, Абайды қай жөннен болсын ұстаз қылып, бетке ұстап, жастар шәкірт болып, соңынан жүруге талаптанғандығын көрсетеді [3]. Ошақтың үш тағаны сияқты әдебиетті де, ғылымды да, шаруашылықты да қатар қамтыған журналдың негізгі тақырыптары: Абай өнері,

Абай ұрпағының шығармашылығы, ғылым, білім, жаңадан ашылып жатқан кооператив, серіктіктер туралы және әйел теңдігі мәселесі. Сондай-ақ журналдың жиі көтерген тақырыбы – алаш тақырыбы болды. Басылымның үшінші санынан бастап Алашорда үкіметінің іс-әрекеті үзбей жарияланып отырды. Журнал бетіндегі алаш тақырыбына қатысты жарияланымдардың қазақ елінің шынайы тарихын қалыптастыруда үлесі қомакты.

"Абай" журналы алғашында "Жанар" ұйымының, кейін "Уақ қарыз серіктестігінің" қаржылай қолдауымен шығып, қазақ комитеті баспаханасында басылды. Қазақ комитеті баспаханасы Семейдегі ағайынды Нығматуллиндердің "Ярдан" баспаханасының негізінде ашылған. Бұл баспаханадан "Абай" журналымен қатар "Сарыарқа" газеті де шығып тұрған.

Журналдың алғашқы жазушылары: Мәннан Тұрғанбаев, Жүсіпбек Аймауытов, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Мұқтар Әуезов, Сәбит Дөнентаев, Сейітбаттал Мұстафин болды [4]. Кейіннен бұлардың қатарына Ғұмар Қарашбаласы, Шәкәрім Құдайбердиев, Мағжан Жұмабаев, Ақылбай Абайұлы, Мағауия Абайбаласы, Шынжы Керейбаев, Ғабдолла Байтасовтар қосылды.

Осы уақытқа дейін зерттеушілер тарапынан журнал тарихына қатысты біршама деректер қамтылғанымен, екі мәселеге байланысты тиянақты байлам жоқ екенін байқадық.

Бірінші мәселе, журналдың қанша саны шыққандығына байланысты туындап отыр. Екінші мәселе, журналдың редакторы төңірегінде туындауда.

Журналдың қанша саны шыққандығы жөнінде ғалымдар арасында екі түрлі көзқарас қалыптасқан. Баспасөз тарихын зерттеуші Б. Кенжебаевтың: "Абай" журналы 1918 жылдың февраль айынан сол жылы октябрь айына дейін Семей қаласында шығып тұрды. Барлығы 11 саны шықты" [5, 21] деген пікірімен үндес пікірлер Қ. Аллаберген [6, 87] мен Ө. Әбдіманұлы [7, 6] еңбектерінде көрініс тапты. Ал журналдың 12 саны шықты деген пікір қайта шыққан "Абай" журналы арқылы оқырманға тарады [8, 34-36]. С. Мұқановта журналдың 12 саны шыққандығы туралы атап көрсеткен [9, 57-70]. Сондай-ақ ғалым Б. Жақып [10, 36], қайта шыққан "Абайдың" тұңғыш редакторы Р. Мұсаұлы [11, 3] журналдың 12 саны шыққан деген пікірді ұстанған. Алаштың шынайы тарихын қалпына келтіруде айрықша үлес қосқан ғалым К. Нұрпейісовте өзінің "Алаш һәм

Алашорда" еңбегінде "Абай" журналының 12 саны ғана оқушылар қолына тиді" – деп жазды [12, 26]. Ал Ж. Аймауытовтың өзі "Абай қалай жабылды?" деген мақаласында "Өткен 1918 жылдың февралінен бастап "Абай" журналы дүниеге шығып, он екі номері басылып, он ай өмір сүріп тоқтады" деп, журналдың 12 саны шыққандығын нақты атап көрсетті [13, 22-23].

Біз де өз тарапымыздан "Абай" журналының 12-ші санын іздестірдік, ақыры үмітіміз ақталды, журналдың соңғы саны табылды. Журналдың 12-ші саны 1918 жылдың 15 ноябріне жарық көрген екен. Ұлттық руханияттың олжасына айналатын журналдың соңғы санында Мұхтар Әуезовтің "Өліп таусылу қаупі", Шәріп Ақпанның "Опасыздық, берекесіздік" мақаласы, "Кооперация жайынан", "Жұмысшы құқы" (авторлары көрсетілмеген – *А.Р.*) мақалалары, Ғайса Тоқтарбековтің "Ғылым тілі туралы" мақаласы, Абай Құнанбайұлының "Есті мен ессіздік парқы" атты қарасөзі, Жан деген автордың "Сағындым" атты өлеңі, Ж. деген бүркеншік есіммен "Көшу" атты өлең және "Уақ-қарыз серіктігінің жалпы ережесі", Мағауия Абайбаласының "Медғат-Қасым" поэмасынан үзінді басылған [14]. Яғни, бұдан кейінгі кезеңде "Абай" журналының 12-ші саны шықты деп именбей айтуға қақымыз бар. Көзбен көрдік, қолмен ұстадық, көңіл толды.

Журнал 12 санынан кейін шықпай, тоқтап қалғанымен, шығарушы Жүсіпбек Аймауытов басылым жалғасын табады деген сенімде болған. Ол 1919 жылы "Сарыарқада" жарияланған "Газет-журнал оқушыларға" деген хабарламасында былай деп жазды: "Қазақтың бір газет, бір журналы подписшігі жоқтықтан жабылып қалды деп Новониколайскіде шығатын орыс газетінде жазылды. Ол айтқаны "Жас азамат" газеті мен "Абай" журналы. Бұл хабар бекер: "Жас азамат" күні бүгінге дейін шығып отыр. Қаржы жағынан кемдік көріп тоқтай ма деген күдік болып еді. Енді тоқтамасын дейміз. Өйткені Омбы жастары әдебиет кешінен 1000 сом, Семей жастары 5000 сом көмек жіберіп отыр. Тағы сондай көтермелеушілер табылатын көрінеді. "Абайда" 900-дей алушы бар. "Абай" біржола жабылған жоқ. Жалғыз журналын жауып қойып тыныш отыруға оқыған жастардың талапты азаматтардың намысы, ұжданы жібермес, қайтсе де шығарар деген үмітіміз күшті. Сондықтан оқушылар "Абайдың" аз күн тоқтап қалғанына ренжімеуіне, күдіктенбеуін, күдер үзбеуін, шыдам жасауын өтінеміз" [15]. Бірақ, өкінішке орай Жүсіпбек Аймауытовтың үміті ақталмады.

Қазіргі кезде журналдың редакторлығына қатысты да бірнеше көзқарастың бар екендігі рас. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында шыққан бірер еңбекте журналдың редакторлары ретінде Ж. Аймауытов пен М. Әуезов қатар аталынып жүрді [16, 3]. Дәл осы көзқарастағы К. Сыздықұлының "Мұхтар Әуезов және "Абай" журналы" деген мақаласындағы мына бір дерек бізді қайтара ойлантуға жетелейтіндей: "Кейінірек 1953 жылы жазған өмірбаянында жазушы: "Обучаясь в учительской семинарии в 1918-1919 гг., я сотрудничал в журнале "Абай", издавшемся на средств алашского кредитного товарищества силами учащейся молодежи. Общественно-литературный журнал "Абай" не был органом правительства Алаш-орды, но имел в основе своей культурно-просветительной программы националистическую направленность. В нем сотрудничали молодые литераторы и учителя, здесь не сотрудничал ни один из видных деятелей, публицистов, литераторов, членов "Алаш-орды". Являясь членом редколлегии, я никогда не был редактором журнала "Абай" – деп жазады [17, 10].

Ал соңғы жылдары зерттеушілердің біразы "Абай" журналының редакторы Ж. Аймауытов екендігін айқын көрсетіп жүр [18, 58], [19, 6]. Ақиқатқа жүгінсек, журналдың 2, 3 сандарында ғана "Шығарушы – Басқарма" деп көрсетілген, ал қалған 1, 4, 5, 6, 7, 8, 10, 11, 12 сандарында "Шығарушы – Жүсіпбек Аймауытов, кей сандарында Юсупбек Аймауытов" деп жазылған. Сондықтан журналдың редакторы – Жүсіпбек Аймауытов болды деп сеніммен айта аламыз.

Ал М. Әуезовтің қуатты қаламынан туған "Ғылым", "Қазақ ішінде партия неден?", "Мәдениетке қай кәсіп жуық?", "Философия жайынан", "Япония", "Ғылым тілі", "Мәдениет һәм ұлт", "Абайдың өнері һәм қызметі" (Екеу), "Өліп таусылу қаупі" т.б. атты ғылыми-танымдық мақалаларының мән-маңызы зор болды.

Хакім Абайдың қос ұлының шығармаларымен де оқырман "Абай" журналы арқылы қауышты. Ақылбай Абайұлының "Дағыстан" поэмасы романтикалық сарында жазылған алғашқы туындының бірі, адамзаттың мәңгілік мәселесі – әділет пен жауыздықтың айқасын шынайы суреттеген шығарма. Ал Мағауия Абайбаласының ақындық қабілетін айқын көрсететін "Медғат-Қасым" поэмасында әр заманда көрініс беретін әлеуметтік теңсіздік мәселесі көтерілді. Данышпан Абай ұрпағы да әке үлгісімен ар-ұжданды, әділеттікті, адамшылықты ту етіп көтерді.

Сондай-ақ журналда ақын, журналист Сәбит Дөнентаев пен журналист, Семейде шыққан "Қазақ тілі" газетінің тұңғыш редакторы Мәннен Тұрғанбаевтың материалдары жиі жарияланып тұрды. Әсіресе, заман ағымын ұғындыруда, жаңадан ашылып жатқан кооперативтердің жай-жапсарын түсіндіруде М. Тұрғанбаевтың "Шаруашылық", "Бірлік", "Уақ қарыз серіктігі", "Кооператив" атты мақалаларының қарапайым оқырман үшін пайдасы орасан болды. Ол кейде мақалаларын М.Т. деген бүркеншік есіммен жариялап жүрді.

Шәкәрім Құдайбердиевтің "Шын бақтың айнасы" атты философиялық пайымдауы "Абай" журналы бетінде жарық көрді.

Журналдың "Мысқылдар", "Ескі сөз", "Билер сөзі", "Абай сөзі", "Өлеңдер"(кейде – Өлен), "Тілшілерден", "Уақ-түйек" айдарлары болды.

Басылымда Л. Толстойдың, В. Гюгоның, Қ. Жаффастың, В. Бронцтың шығармаларынан аудармалар басылды.

Журнал бетінде жарнамаға да орын берілді. Әрине, бүгінгі күнгідей сан-салалы жарнама емес, ел руханиятына қосылып жатқан газет, журналдар, қаламгерлердің баспадан басылып шыққан жаңа туындылары жарнамаланды.

Журналдың алғашқы бағасы – 13 сом көлемінде болса, мамыр айынан бастап (№5 санынан) жазылу бағасы көтеріліп, 20 сомға жетті. Журналдың 900 жазылушысы болды (Ж. Аймауытовтың дерегі – А.Р.).

Басылым беттерінде "Әмзе", "Әшім", "Тікқұлақ", "Байымбет", "Жас түрік", "Шаңқан", "Естіген" деген бүркеншік есімдермен материал жариялағандар кездесті.

Қазіргі зерттеушілерді тығырыққа тіреп отырған мәселе – бүркеншік аттардың сырын ашу болып отыр. Кезінде ғалымдар Ү. Субханбердина, Б. Кенжебаев, Т. Қожакеевтер лақап аттың құпиясын ашуда біраз тер төккені мәлім. Десе-дағы сыры ашылмаған бүркеншік есімдер қаншама! Бір зерттеушінің ашқан бүркеншік есімін екінші зерттеуші жоққа шығарып жатқан жағдайларда жетерлік. "Абай" журналында "Байымбет" атты бүркеншік есіммен материал жариялаған қаламгерді анықтау – зерттеушілер арасында даулы мәселеге айналды.

"Алашорданың" шежіресі іспеттес "Тұңғыш құрбан" атты репортажды жазған "Байымбетті" Бейімбет деп алғаш көрсеткен С. Сейфуллин болды [20, 160]. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында Алаштың ақиқатын айтуда көп еңбек сіңірген ғалым Қ. Мұхамедхановта "Тұңғыш құрбанның" авторы ретінде Б. Май-

линді атады [21, 129]. Бұл пікір бірер журналистің мақаласында қайталанды [22]. Ал 2003 жылы Ж. Ысмағұлов "Бәйімбет" Б. Майлиннің емес, С. Дөнентаевтың бүркеншік есімі деген тың деректі жария етті: "Дұрысында, "Бәйімбет" деген атпен С. Дөнентаев баспасөзде жиі жазып тұрғаны біраз адамдарға мәлім. Мұны мен кезінде Сәбит ақсақалдың Алматыда тұратын қызы Сәулет апайдан да сұрап білгенмін. Ол жылдары Бейімбет тіпті Семейге ат ізін салмағаны оның өмірбаянынан белгілі" – деп жазды [23].

Алаш милициясының бастығы, мұғалімдер семинариясының шәкірті Қазы Нұрмұхамедұлының большевиктің қолынан қаза тауып, алаштың тауы шағылып, жас мәйітті көріп, жүректері егіліп тұрған сәтте жазылған репортаж. Кімде болса дәл сол оқиғаның басы-қасында болып, "Алаштың" жолында құрбан болған азаматты шынайы жоқтап, егіліп тұрып жазған дүниесі. Дәл сол тұста Б. Майлиннің Семейде болғандығы жөнінде ресми деректер кездесе қойған жоқ. Ал С. Дөнентаевтың Семейге келіп, газет-журнал жағалап жүрген кезі. Айта кететін жайт: "Байымбет" деген атаумен "Сарыарқаның" 1917 жылғы сандарында бірнеше мақала жарияланған. Енді "Байымбет" атымен "Сарыарқаның" 1917 жылғы 24 нөмерінде жарияланған "Опат" деген қазанамаға назар аударайық: "Өткен сентябрдің басында Павлодарға қарасты Басқұдық болысының қазағы Мұхамедғалым хазірет Рамазанов опат болды. Оқуды Қазанда атақты Смағұл әл-Қашқари медресесінен оқып шығып, 40 шамалы жыл мешіт-медіресе ұстап, бала оқытып тұрды... Жасаған топырағын жеңіл қылып, жақындары жолын жоғалтпауға жазсын" [24]. Мына қазанамадан "Байымбеттің" Керекулік азамат екенін анық байқауға болады. Қостанай уезінің тумасы Б. Майлиннің Керекулік қазіретке көңіл айтуы неғайбыл. Жалпы қазаққа ортақ тұлға болса бір сәрі. Журналға Керекулік үш азамат жазып тұрды: бірі Жүсіпбек, бірі Сұлтанмахмұт, бірі Сәбит. Бірақ, сол 1918 жылдың қысында

Сұлтанмахмұт Семейде болмаған, Тұрағұлдың ұйғаруымен Абай еліне барып, қымыз ішіп, тынығып жатқан [23, 294]. Ендігі таңдау екеудің біреуіне түседі. Қалай болғанда да "Тұңғыш құрбанды" шығармашылық қуаты зор қаламгердің жазғаны ақиқат. Мұнда сезіну, түйсіну, жан жүрегімен жеткізу бар. Қазыны шын жүрегімен жоқтаған жолдастық көңіл бар. Жүсіпбектің Қазымен семинарияның бір курсына оқыған жолдастығын да ұмытпаған жөн. Бұл, бір. Екіншіден, "Байымбет" атымен жазылған "Абай" журналының 1 санында жарияланған "Жазушыларға" атты мақаланы барлай оқыған адамға "Басқармадағы", яғни журналдың басы-қасында жүрген азаматтың жазғанын аңғару қиын емес. Журналдың "Ескі сөз", "Билер сөзі" айдарына материал жинақтау мақсатында, ел ішіндегі шежіре ақсақалдарды журнал бетіне тарту мақсатында жазылған дүние. Үшіншіден, мақала соңын: "Ал жазушылар, біреуің ерініп, біреуің керігіп, не қазақты, не өздеріңді менсінбеген кісіше мелшиіп қала бермей, барларыңа мырзалық қылыңдар!" деп тақпақтап аяқтауы Жүсіпбектің стиліне ұқсайды. Сондықтан "Абай" мен "Сарыарқада" қатар материал жариялаған "Байымбет" бүркеншік есімін иеленген қаламгердің сыры толық ашылған жоқ, әлі де толыққанды зерттеуді қажет етеді демекпіз.

Өткен ғасырдың 18 жылы жарық көрген "Абай" журналының бар болмысын, бағдарын Жүсіпбек Аймауытовтың "Ұлтты сүю", Мұхтар Әуезовтің "Өліп таусылу қаупі", Міржақып Дулатовтың "Алашқа" атты мақалалары арқылы толық тануға болады. "Абай" журналының бірінші бағдары – ұлтты сүю, екінші бағдары – өліп-таусылу қаупінен сақтандыру, яғни тілді, дінді, жерді сақтау. Үшінші бағдары – ұлтқа шынайы қызмет ету, жабырқағанда жанынан табылып, дұрыс жол көрсету. "Абай" бағдарының мықтылығы "Алаш" бағдарымен сабақтастығында, салаластығында.

Алғашында "Абайды – қазығым" деп шығарған журналшылар, бір жыл ішінде журналды ұлт руханиятының алтын қазығына айналдырды.

Әдебиеттер

1. Абай журналы, 1918, №1;
2. Сарыарқа, 1917, № 26
3. Жүсіпбек. Журнал туралы // Абай журналы, 1918, №1
4. Сарыарқа, 1917, №26
5. Кенжебаев Б. Қазақ баспасөзінің тарихынан. – Алматы: Қазақ мемлекет баспасы, 1950. – Б.21.
6. Аллаберген Қ., Нұскабайұлы Ж., Оразаев Ф. Қазақ журналистикасының тарихы. – Алматы: Рауан, 1996. – Б.87.
7. Әбдиманұлы Ө. М. Әуезов және алашшыл баспасөз тарихы // PR и СМИ в Казахстане: сборник научных трудов. – Алматы: Қазақ университеті, 2013, Б.6.

8. Әуезов М. Өліп таусылу қаупі. Абай журналы, 1992, № 4, Б.34-36.
 9. Абай журналы, 1992, № 4, Б.57-70.
 10. Жақып Б. Мұхтар Әуезов – публицист. – Алматы: Ана тілі, 1997. Б.36.
 11. Мұсаұлы Р. Ұлы ақын есіміндегі ұлағатты басылым // Абай журналы, 2002, № 3, Б.3.
 12. Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда. – Алматы: Ататек, 1995, Б.26.
 13. Еспенбетов А. Абай // Шәкәрім энциклопедиясы. – 2008, Б.22-23.
 14. Абай, 1918, 15 ноябрь, №12
 15. Аймауытов Юсупбек. Газет-журнал оқушыларға // Сарыарқа газеті, 1919, 20 февраль, №70
 16. Мұсаұлы Р. Ұлы ақын есіміндегі ұлағатты басылым // Абай журналы, 2002, №3, Б.3.
 17. Сыздықұлы К. Мұхтар Әуезов және "Абай" журналы, 1996, № 3, Б.10.
 18. Қуантайұлы Н. Алаш Орда баспасөзі және Жүсіпбек Аймауытұлы. – Өскемен: "Altay- Пресс" баспасы, 2013, Б.58.
 19. Әбдиманұлы Ө. М. Әуезов және алашшыл баспасөз тарихы // PR и СМИ в Казахстане: сборник научных трудов. – Алматы: Қазақ университеті, 2013, Б.6.
 20. Сейфуллин С. Тар жол, тайғақ кешу. – Алматы: Жазушы, 2009, Б.160.
 21. Мұхамедханов Қ. Көптомдық шығармалар жинағы. IX том. – Алматы: Ел шежіре, 2011, Б.129.
 22. Халиолла М. Алаштың алғашқы құрбаны // Егемен Қазақстан, 2003, 28 мамыр
 23. Ысмағұлов Ж. Жаңсақтық неден кетті? // Егемен Қазақстан, 2003, 31 мамыр
 24. Байымбет. Опат // Сарыарқа, 1917, №24
 25. Еспенбетов А. Шығармалары. – Астана, 2014, Б. 294.
- References**
1. Abai zhurnaly, 1918, №1.
 2. Sary-Arka, 1917, №26.
 3. Zhusupbek. Zhurnal turaly . Abai zhurnaly , 1918, №1.
 4. Sary-Arka, 1917, №26.
 5. Kenzhebayev B. Kazakh baspasozinin tarihy. Almaty: Kazakh memleket baspasy, 1950. – B.21.
 6. Allabergen K.. Nuskabayuly Zh., Orazayev F. Kazakh zhurnalistikasynyn tarihy. Almaty: Rauan, 1996. – B. 87.
 7. Äbdımanuly O. M.Auezov zhane alashshyl baspasoz tarihy// PR i SMI v Kazakhstane: sbornik nauchnyh trudov. – Almaty: Kazakh Universeti, 2013. – B.6.
 8. Äuezov M. Olip tausylu kaupi. Abai zhurnaly, 1992, №4. – B. 34-36.
 9. Abay zhurnaly, 1992, №4. – B.57-70.
 10. Zhakyp B. Muhtar Auezov – publicist. – Almaty: Ana tili, 1997. – B.36.
 11. Musaully R. Uly akyn esimindegi ulagatty basylym // Abai zhurnaly, 2002, №3. – B.3.
 12. Nurpeisov K. Alash ham Alashorda. – Almaty: Atatek, 1995. – B.26.
 13. Espenbetov A. Abay // Shakarim encyclopedia. – 2008, BB. 22-23.
 14. Abai zhurnaly, 1918, 29 November, №12
 15. Aimauytov Usupbek. Gazet-zhurnal okushylarga // Saryarka gazeti, 1919, 20 fevral', №70
 16. Musaully R. Uly akyn esimindegi ulagatty basylym // Abai zhurnaly, 2002, №3, B.3;
 17. Syzhdykuly K. Mukhtar Auezov zhane "Abay" zhurnaly, 1996, №3. – B.10
 18. Kuantaiuly N. Alash Orda baspasozı zhane Zhusupbek Aimauyuly. – Oskemen: "Altay-Press" Publishing House, 2013. – B.58;
 19. Abdımanuly O. M.Auezov zhane alashshyl baspasoz tarihy // PR i SMI v Kazakhstane: sbornik nauchnih trudov. Almaty: Kazak universiteti, 2013. – B.6.
 20. Seifullin S.Tar zhol, taigak keshu. – Almaty: Zhazushy, 2009. – B. 160.
 21. Mukhamedkhanov K. Koptomdyk shygarmalar zhınagy. IX tom. Almaty: el shezhire. 2011. – B. 129.
 22. Khaliolla M.Alashtyn algashky kurbany // Egemen Kazakhstan, 2003, 28 mamyr..
 23. Ysmagulov Zh. Zhansaktyk neden ketti? // Egemen Kazakhstan, 2003, 31 mamyr
 24. Bayımbet. Opat // Saryarka, 1917, № 24
 25. Espenbetov A. Shygarmalary. – Astana, 2014. – B.294.